



ФОРУМ

# Өскеменнің экологиясын кімдер ластап жатыр?



**Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде «ECOJER» қауымдастығының ұйымдастыруымен «Біздің аспан» атты экологиялық бастамалардың бірінші өңіраралық форумы өтті.**

**Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ**

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова, Парламент Сенатының депутаты Ольга Булавкина, «ECOJER» қауымдастығының бас директоры Рустем Кабжанов, «Казгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры Дана-ра Әлімбаева және облыстық экология департаментінің басшысы Данияр Әлиевтің қатысуымен өткен форум бизнес, билік, өнеркәсіптік кәсіпорындар, сарапшылар мен экологиялық белсенділер арасындағы тікелей диалог алаңын қамтамасыз етті.

– Атмосфералық ауаның сапасы – қазіргі әлемнің ең өзекті мәселелерінің бірі. Экожүйенің өзгеруі түрлі аурулардың пайда болуына ықпал етіп, адам баласының денсаулығына зиянын тигізуде. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, ауаның ластануы жыл сайын жеті миллион

адамның мезгілсіз өліміне себепкер болады. Еліміздегі экология мәселесі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айрықша бақылауында. Экологиялық ахуалды жақсарту және заңды тұлғалардың, өнеркәсіп орындарының табиғатты аялау, экологиялық норманы сақтауын қатаңдату мақсатында заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, талаптар күшейтілді. Бүгінгі таңда экологияны жақсарту мақсатында еліміздің бірқатар өңірін газдандыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы және экологиялық мәселелерді шешуге арналған жол картасы аясындағы іс-шаралар жүзеге асырылуда, – деді форумға онлайн қосылған экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова.

Форум барысында қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық

және отандық сарапшылардың үздік экологиялық тәжірибелері таныстырылды. Кәсіпорындардың атмосфераға шығарындыларды азайту жөніндегі бастамалары мен аймақты газдандыру, өндіріске озық технологияларды енгізу мәселелері талқыланды. Сондай-ақ экономикалық дамуды, қолжетімді инфрақұрылымды және таза табиғатты теңдестіре отырып «тұрақты қалаларды» қалыптастыру үшін жағдай жасау мәселелері қарастырылды.

– «Тұрақты қала» дегеніміз – адамдардың жайлы өмірі үшін құрылған, экономикасы дамыған, қолжетімді инженерлік және көлік инфрақұрылымы, жасыл саябақтары, экологиялық көліктері мен таза ауызуы бар қала. Бұл – қоғамдағы адамдардың әртүрлі әлеуметтік тобының өмір сүруіне және дамуына мүмкіндік беретін инклюзивті қала, – деді «ECOJER» қауымдастығының өкілі.

Сарапшылардың пікірінше, ауа сапасына әсер ететін негізгі себептердің бірі – көмір жағатын жылу электр орталықтары мен жеке сектор. Өйткені көмір жанған кезде зиянды қосылыстар шығарып, олардан шыққан түтін экологияны нашарлатып, тұрғындардың денсаулығына әсер ететіндігі белгілі. Таза және тиімді энергия көздерінің бірі – табиғи газ. Мәселен, жылу энергия орталықтары мен жеке тұрғын үйлерді көгілдір отынға ауыстырған қалаларда түтін аз. Дегенмен өңірлерді газдандыру процесі оңай шаруа емес және онда экономикалық, географиялық, инфрақұрылымдық, әлеуметтік және басқа да бірқатар факторды ескеру қажеттігі айтылды.

Жиын барысында айтылғандай, кәсіпорындардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту үшін Экологиялық кодекс оларға ең озық әрі қолжетімді технологияларды енгізуді міндеттейді. Мұндай технологиялар ғылыми жетістіктер мен экологиялық критерийлерге негізделген. Ең озық қолжетімді технологияларды енгізген кезде қазіргі экологиялық проблемалардың қалыптасқан жағдайы едәуір өзгереді. Өйткені технологиялық процестерді

жаңарту арқасында қоршаған ортаға эмиссиялар азаяды. Озық технологияларды енгізуге арналған алғашқы анықтамалықтар қазірдің өзінде бекітуге дайын.

– Бұл форумның маңызы өте жоғары. Себебі бұрын-соңды осындай ауқымды жиындар өндірістік аймақтарда емес, Алматы, Астана қалаларында ғана өтіп, Өскемен, Қарағанды, Павлодар сияқты өндірістік өңірлердің проблемалары кеңінен талқылана бермейтін. Ластанған қалалардың ауа сапасын жақсарту мәселесін шешу үшін кешенді ғылыми жұмыстар жүргізу қажет. Ол үшін әрине, қаражат керек. Сондай-ақ қосалқы ластау көздері – жылыту қазандықтарының шығарындыларын ешкім қарамайды, тексермейді. Қазандықтардың ауаны ластаудағы ықпалын, пайыздық мөлшерін анықтап, оны да шешу керек. Тағы бір мәселе, қазір экологиялық рұқсаттаманы алу үшін кәсіпорындар өздерінің санитарлық қорғау аймағында есептеулер жүргізіп, құзыретті органдарға бәрі жақсы деп рұқсаттама қағазын алып жатыр. Менің ойымша, осы санитарлық қорғау аймағы деген ұғымды экологиялық реттеуден алып тастау керек, бұл көзбояушылық, – деді Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ-дің «Атмосфера» ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі Дәулет Асанов.

Форум қорытындысы бойынша қатысушылардың ұсыныстары үкіметтік ұйымдардың және ірі өнеркәсіптік компаниялар өкілдерінің қарауына жіберілетін болды.

Іс-шара соңында өңірдегі экологиялық белсенділер марапатталып, форумға қатысушылар университет аумағында көшет екті. Сонымен қатар «Жұлдыз» балалар өнер мектебі мен өскемендік суретшілердің шығармалары, Әсемгүл Мәуітқазының жайқалған гүлдері, «Пасека» шаруа қожалығының «Алтай балы» эко-өнімдері, «Белая Сова» шығармашылық бірлестігінің қолөнершілері мен сәндік-қолданбалы өнер шеберлері жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылды.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

## Жөндеу жұмыстарына ақша жинау – заңсыздық

**Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің мамандары мектептің жөндеу жұмыстарына ата-аналардан ақша жинаудың жолын кесті. Департаментке оқушылардың бірінің әке-шешесі шағымданыпты.**

**Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ**

– 24 сәуірде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке Өскемендегі №15 мектеп оқушысының ата-анасынан 1424 қоллорталығы арқылы анонимді шағым түсті. Ата-ана сыныпты жөндеуге ақша жинау фактісі туралы хабарлады. Бұл – Білім туралы заңның 63-шы бабын бұзу, – деді департаментте.

Сыбайлас жемқорлықпен күресушілер мектеп басшылығымен әңгімелескен кезде, басшылық ақша жинау ата-аналардың бірінің бастамасы екенін түсіндірген. Айта кету керек, оқушылар мен мұғалімдерден ақша алуға заңмен қатаң тыйым салынған.

– Нәтижесінде жиналған ақша ата-аналарға қайтарылды. Кінәлі лауазымды тұлғалар сөгіс түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке жүгінген ата-ана мәселенің жедел шешілгені үшін алғыс білдірді. Бұл оқиға басқа директорлар мен мұғалімдерге сабақ болады деп үміттенеміз. Мұндай жағдайлар қайталанбауға тиіс, – деп мәлімдеді облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті.

АГРОСЕКТОР

## Сүтті сиырлар жыл санап артып келеді

**Бүгінде өңірдегі өнімділігі жоғары сүтті және етті ірі қара малдың басым бөлігі – симменталь және голштин-фриз тұқымды сиырлар.**

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының қызметкерлері қазіргі уақытта сүтті мал тұқымының генетикалық әлеуетін сақтау және оны сату, жоғары сапалы өнім бере алатын жануарларды өсіру ең маңызды мақсаттардың бірі екенін айтады. Мамандар мал иесінің асыл тұқымды ірі қараны бағуға жауапкершілікпен қарап, жануарларды бағу технологиясын, зоотехникалық талаптарды дұрыс жүргізген жағдайда сүтті малдың пайдасы шаш етекпен екенін айтады. Бүгінде жүйелі жүргізілген селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстың нәтижесінде облысымызда асыл тұқымды ірі қара малдың үлес салмағы жыл санап артып келеді.

Жалпы, облыс аумағында сүтті және сүтті-етті бағыттағы 12,5 мыңнан астам ірі қара мал бар болса, оның ішінде симменталь және голштин-фриз асыл тұқымды сиырлар басты басымдыққа ие көрінеді.

– Симменталь тұқымы еліміз бойынша негізінен Шығыс Қазақстан мен Павлодар өңірлерінде көп. Ауа райының ызғарлы әрі қолайсыз болғанына қарамастан ірі қараның бұл тұқымы біздің климатқа өте төзімді. Дей тұрғанмен мұндай климатта жануарлар жемшөппен толық қамтамасыз етілуге тиіс. Сүт өнімділігі бо-

йынша орташа көрсеткіш жылына 3000-3500 литр болса, майлылық көрсеткіші – 3,6-3,7 пайыз. Сондай-ақ ірі қара малдың бұл тұқымы бірден екі бағытқа ие болғандықтан, сүті өңдеу кәсіпорындары мен зауыттарға сатылса, бұқашықтары бордақылау алаңдарында тірі салмақпен сатылады, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Рамиль Сағандықов.

Бүкіл әлемде сүтті сиыр тұқымдарының көшбасшысы ретінде танылған голштин қазіргі уақытта 63 елде өсіріледі. Оларды таулы немесе жазық жерде ұстау маңызды емес. Бұл тұқымның өнімділігі дұрыс азықтандыруға және күтіп-ұстауға байланысты әрі олар антисанитариялық жағдайларға төзімсіз болып келеді.

– Бүгінгі таңда облыстағы сегіз тауарлы-сүт фермада автоматты сауу залы бар жетілдірілген smart-фермалардың элементтері енгізілді, жануарларды азықтандыру және күту бойынша автоматты жүйе, ұрықтандыру үшін компьютерлік іріктеуіштер орнатылды. Сүтті мал шаруашылығын дамытуда алдыңғы қатарлы технологияларды енгізген Глубокое ауданының Солнечное кентінде орналасқан Майлы дақылдардың

тәжірибелік шаруашылығын атап өтуге болады. Шаруашылық ірі қара малдың сүтті бағыттағы тұқымдарын, атап айтқанда, голштин-фриз тұқымын өсіреді. Онда төрт мыңнан астам мал басы болса, оның 2,6 мыңға жуығы сауын сиыр, – дейді Рамиль Сағандықов.

Кәсіпорын мал шаруашылығына цифрлық технологияларды белсенді енгізіп жатыр. Фермада сиырлардың жағдайын бақылау арқылы барлық ветеринарлық шараны жоспарлауға мүмкіндік беретін «Uniform Agri» бағдарламасы орнатылған. Сауу процесінде «DeLaval» компаниясы шығарған «параллель типті жүйе» қолданылатындықтан бір сиыр тәулігіне орташа есеппен 24-26 литр сүт береді. Былтыр шаруашылық 17,9 мың тонна сүт өндірді.

– Майлы дақылдардың тәжірибелік шаруашылығында селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу жоғары деңгейде жолға қойылған. Бұзаулар екі айға дейін сүтпен қоректендіріліп, 75 келі салмаққа жеткеннен кейін басқа азықтандыру және ұстау базаларына ауыстырылады. Шаруашылықта жас бұқашықтар 400 келіге жеткенге дейін бордақыланып, одан әрі шаруашылықтың күнделікті қажетіне жұмсалыды, – деп қосты басқарма өкілі.

**Айзере Сұлтан**